

Қазақстан Республикасы мемлекеттік Экспорт-импорт банкінің қызметін жақсарту жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1996 жылғы 2 наурыз N 272

Қазақстан Республикасының мемлекеттік Экспорт-импорт банкінің Банктің 1995 жылғы қызметі туралы есебін қарай келіп Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы мемлекеттік Экспорт-импорт банкінің 1995 жылғы негізгі қызметі туралы есебі (қаржы есебінсіз) бекітілсін.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік Экспорт-импорт банкі Халықаралық " Прайс Уотерхаус Казахстан" тәуелсіз аудиторлық фирмасының Банктің 1995 жылғы қаржы қызметінің нәтижелері жөніндегі аудиторлық қорытындысын 1996 жылдың 1 сәуіріне дейін Қазақстан Республикасының Үкіметіне тапсыратын болсын.

2. Қазақстан Республикасының мемлекеттік Экспорт-импорт банкінің 1995 жылғы мына жұмыстардағы:

шетел кредиттері бойынша төлемдердің кешіктірілуіне жол берген түпкі заемшылармен;

шетел кредиторларымен өз кепілдемелерімен және өзге де банк міндеттемелерімен шетел кредиттерін тартуға қатысты;

жобаларды тиімді жүзеге асыруды қамтамасыз ету мақсатында кәсіпорындарға қаржылық және консультациялық қызмет көрсету саласындағы кемшіліктер атап көрсетілсін.

3. Қазақстан Республикасының мемлекеттік Экспорт-импорт банкін дамыту стратегиясы негізінен мақұлдансын.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік Экспорт-импорт банкі Банкі институциональдық дамыту жоспарының жобасын әзірлесін және 1996 жылғы 1 шілдеден кешіктірмей Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарауына енгізісін.

4. Мыналар белгіленсін:

Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі экономиканың бағым секторын, жана өндірістерді орналастыру аудандарын айқындайды және Қазақстан Республикасы Үкіметінің құрылымдық-инвестициялық саясатын жүзеге асыруға мүмкіндік туғызатын инвестициялық жобалардың тізбесін ұсынады.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік Экспорт-импорт банкі банк сараптамасын жүзеге асырады. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі ұсынған инвестициялық жобалар тізбесінен нақты жобаларды таңдап алады және оларды қаржыландыру жөнінде шешім қабылдайды.

Қазақстан Республикасының кепілділігіндегі шетел кредит желілері жөніндегі жобаларды қаржыландыру Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен жүзеге асырылады.

Инфрокұрылымдардың жобалары мен мақсатты бағыттағы республикалық бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылатын әлеуметтік саланың жобаларының тізбесі Қазақстан Республикасының мемлекеттік Экспорт-импорт банкінің сараптау қорытындысының нәтижелерін ескере отырып Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің, Экономика министрлігінің келісімі бойынша айқындалады және Қазақстан Республикасы Үкіметінің бекітуіне ұсынылады. Қазақстан Республикасының мемлекеттік Экспорт-импорт банкі жоғарыда аталған жобаларды қаржыландыруды қамтамасыз ету жөніндегі агент болып табылады және баланстан тыс активтегі осындай кредиттерді бейнелейді.

5. Алматы қаласының Пушкин көшесінде орналасқан 118 үйдің құны Қазақстан Республикасының мемлекеттік Экспорт-импорт банкінің Жарғылық қорына толық кіреді деп белгіленсін.

6. Қазақстан Республикасының мемлекеттік Экспорт-импорт банкі Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен, Экономика министрлігімен Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен (келісім бойынша) бірлесіп бір ай мерзімде Қазақстан Республикасының Үкіметіне мыналар жөнінде ұсыныс енгізісін:

халықаралық қаржы ұйымдары мен бірінші сыныпты шетел банктерін тарта отырып Қазақстан Республикасының мемлекеттік Экспорт-импорт банкіні акционерлендіру;

Қазақстан Республикасының мемлекеттік Экспорт-импорт банкінің жарғылық қорын ұлғайту;

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігімен тиісті келісімнің жасалуын көздей отырып, 1997 жылдан бастап несие қаржысының дүниежүзілік нарығында орын алуы үшін Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің кепілдігімен Қазақстан Республикасының мемлекеттік Экспорт-импорт банкі облигациясының эмиссиясы.

7. Қазақстан Республикасының мемлекеттік Экспорт-импорт банкі Қазақстан Республикасы Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитетімен бірлесіп он күн мерзімде "Актурбо" АҚ (Герман кредит желісі) берешегін өтеу мәселелері жөнінде ұсыныс енгізісін.

8. Қазақстан Республикасы мемлекеттік Экспорт-импорт банкінің қызметкерлеріне еңбекақы төлеу мен материалдық сыйақы Қазақстан Республикасы мемлекеттік Экспорт-импорт банкінің басқармасы бекіткен сметада (бюджетте) көзделген қаражат шегінде Банк басқармасының шешімі негізінде банк кірісіне байланысты жүргізіледі деп белгіленсін.

9. Қазақстан Республикасының мемлекеттік Экспорт-импорт банкіне 1996 жылдың бірінші жарты жылдығында жалдау жүйесін және қызметкерлерді контракт негізінде босатуды енгізу ұсынылсын.

10. Қазақстан Республикасының мемлекеттік Экспорт-импорт банкі Қазақстан Республикасының Үкіметіне Банктің жарты жылдық және жылдық баланстарын ұдайы, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне шетелдік және ішкі кредиттерді қамтамасыз етудің жай-күйі туралы ай сайын ақпарат беріп отырсын.

11. Мыналардың:

"Қазақстан Республикасының мемлекеттік Экспорт-импорт банкісінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 31 тамыздағы N 1208 қаулысының 1-тармағы "б", "в" тармақшаларының, 2-тармағының, 7-тармағының үшінші абзацының;

"Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 31 тамыздағы N 1208 қаулысына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 30 қаңтардағы N 121 қаулысының 1996 жылғы 30 қаңтардан бастап күші жойылған деп танылсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі